

Бадықов), «Жолсыз әдеттеріміздің бірі» (1912, № 8. Мақыш Қалтайұғлы), «Қазақ халқының қыздар тіршілігіне көз салулары хақында» (1912, № 8. И. Ташболатов), «Қыз балалар хақында бір-екі сөз» (1912, № 8. Ж. Тілеубергенов), «Бейшара қыз» (1912, № 11. О. Ғалимов), «Қатын алу, ерге шығу» (1913, № 2. М. Ж. (Мағжан Жұмабаев). «Әулиеата менен Тоқмақ арасы» (1913, № 2. М. Кәшимов), «Жесір әңгімесі» (1913, № 10. Хасен Сартайұғлы), «Ауырмай есімнен жаңылғаным» (1913, № 17. С. Торайғыров), «Әйелдер жайынан» (1913, № 17. А.Б. Жәкеев), «Әйелдер жайынан» (1913, № 18. Әбубәкір Жайшыбек баласы), «Үш қатынменен тұрмыс» (1914, № 3. Уәлихан Ғұмар баласы), «Қыздарға үгіт» (1914, № 10. Б.А. Кедесов), «Бір қазақ қызының әкесіне зары» (1914, № 22. А. Мәметов), «Басылмаған романнан бір кесек» (1915, № 3.Н. Манаев), «Ана» (1915. № 4. Би баласы (Шәйбай Айманов), т.б. қазақ әйелдерінің жай-күйі, аянышты ауыр халі, әйел бостандығы мен теңдігі, әйелдің қоғам өміріндегі орны, әйелді оқыту керектігі. әйелдің әдет-ғұрып құрбаны болуы, әйел басындағы ауыр жайлар, бас бостандығын қорғап қашқан жастар, қыз айттыру, жесір мұны мәселелеріне арналған материалдар жиі жарық көріп тұрды.

Жаңа көзқарас тұрғысынан алсақ, Жамал, Қамар, Шұға, коммунист Раушандар өз дәуірінің талабына сай сәтті сомдалған көркем бейнелер болғанымен, қазіргі ұрпақ үшін идеал емес, себебі бұл шығармалардағы идея мәңгілік емес. Өз дәуірінің қажеттілігінен ғана туған уақытша идеялар. Де-

мек, абсолюттік тұрғыдан алғанда уақытша идея – жалған. «Жалған идеяларға негізделген өнер – туындылары ...қаншама талантты жазылғанымен де өмірі ұзаққа бармайды» [4,62].

Ұлт ділінің табиғатын, салты мен тұрмысының, әдет-ғұрпы мен дәстүрінің арғы-бергі тарихын зерделесек, қазақ халқының әйел затына деген ықылас-мейірімінің ерекше ыстық болғандығын көреміз.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. Дала уәлаятының газеті (Адам, қоғам, табиғат 1888 - 1902) Құрастырушы Субханбердина Ү. - Алматы: «Ғылым», 1994. - 816 б.
2. Дала уәлаятының газеті (Әдеби нұсқалар 1888 - 1902) Құрастырушы Субханбердина Ү. - Алматы: «Ғылым», 1992. - 576 б.
3. «Айқап». Құрастырушылар Субханбердина Ү., Дәуітов С. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. - 366 б.
4. Ысқақұлы Д. Сын өнері (Оқу құралы). - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001 - 304 б.

#### Резюме

*Статья рассматривает вопрос равенства женщин в казахской литературе в начале XX века*

#### Conclusion

*The article includes a problem of women equality in the Kazakh literature in the beginning of the 20th centuries.*

### XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ САРЫНДАР

Мамиева Б.О.

XX ғасыр басындағы ақындар қазақ әдебиетінде бұрыннан бар үлгі, дәстүрлермен қоса жанрлық формалар арқылы жүзеге асырып, роман, драма, публицистиканың түрлерін тудырды. Әлем әдебиетінің классикалық туындылары аударылды. Ұлы Абай салып кеткен ойларды жалғастырып, әдебиетті жаңа сапаға көтерді. Шығармашылықтарымен қатар елі үшін саяси күрестерге араласып, қоғамдық қызметтердің ортасында жүрді. Әрқайсысы түрлі мамандықты меңгерген, бірнеше тілді жетік білген. Ақын С.Торайғыров:

*Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,  
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.  
Кешегі қара күнде болмап па еді*

*Бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым, –*

деп жырлағандай, Алаш партиясын құрып, елінің тәуелсіздігі үшін күресіп, дербес мемлекет құруды биік нысана етіп, ұлт мақсатын алға қойған ақындар шоғыры, қоғам қайраткерлері дүниеге келді [1.].

Халқының қамын жеген ақындардың бірі, ұлтына «Оян, қазақ!» деп ұран салған М.Дулатов «Таршылық халіміз хақында аз мінажат» (1907) өлеңінде:

*Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,  
Кеттік қой отқа күйіп, өрттен қашпай.  
Әр халық алға кетіп жатса-дағы,  
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай...*

*Күн көреміз қайда барып, алашым?  
Білгіштердің хал мүшкілін қарасын.  
Сүйегі жоқ тіске жұмсақ болған соң,  
Әркім жейді бізді қазақ баласын, –*

деп халқының басындағы ауыр қасіретті айқын көріп, одан айықтыру жолдарын іздесе, «Елім-ай» (1914) атты өлеңінде:

*Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,  
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.  
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,  
Еңсең түсті мұнша неге, елім-ай!  
Өткен-сағым, келер алдың бір мұнар,*

*Қызылшылсың қызарғанға тым құмар,  
Сақтан деген сөзді жан жоқ шын ұғар,  
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай! –*

деп ашына жырлайды. Одан әрі азаматтық сарынға толы ұранды толғаулары ел тағдырына, қазақтың болашағына арналады:

*Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң,  
Ел боламын, тең боламын дер болсаң,  
Көктен теңдік келмес өзің кем болсаң,  
Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!  
(«Жаңа тілек», 1917)*

Ақын азамат бостандық, азаттық үшін өзін құрбандыққа шалуға даяр екенін, соңғы демі қалғанша еркіндік жолында күресетінін де білдіреді:

*Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.  
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –  
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!  
(«Шағым», 1913)*

Қазақтың осы хәлін көрген Абайда да өз заманында:

*Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін...  
Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық,  
Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып құрып барасың [2.90].-*

деп халқын бірлікке шақырған болатын. Ал ақын А.Байтұрсынов «Жиған-терген» өлеңінде:

*Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып,  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді оянып,  
Қанған жоқ па әлі ұйқың,  
Ұйықтайтын бар не сиқың?! [3.189 б.] –*

елін тартыс, қайшылықтарды көруге ашына шақырады.

Алаш ардақтыларының мұраларын әдеби-ғылыми тұрғыдан жан-жақты танып-зерттеудің нәтижесінен туған құнды еңбектің бірі ғалым, зерттеуші Рымғали Нұрғалидың «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеу еңбегі. Өз еңбегінде ғалым «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын, Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деп жырлап кеткен ақын А.Байтұрсыновтың күрес идеясы мен келешек қамы үшін арпалысу, ел болу мақсаты бар өлеңінің маңызына тоқтала келіп,

*Мен бұқтым, жаттым,  
Сен бұқтың, жаттың,  
Кім істемек қызмет?  
Ауызбен айтып,*

*Істерде қайтып,  
Жоламасақ не міндет?  
Тек жүрсе тоқ жүрмекті  
Қиын деме білмекті [4.17 б.], –*

деген жолдардағы ақын идеясының әлем поэзиясында афоризмге айналған түрік ақыны Назым Хикметтің:

*Мен жанбасам лапылдап,  
Сен жанбасаң лапылдап,  
Біз жанбасақ лапылдап  
Аспан қалай ашылмақ, –*

деген жолдарымен әуендес, үндестігіне көңіл аудартады. Ал ғалым Мұхтар Әуезов А.Байтұрсыновтың елі үшін жасаған қызметіне «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі Елшілік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп бағасын берген болатын.

Ақынның болашақты дәріптеген өлең жолдарын оқығанда 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы және оның рухани көсемі, қазақ поэзиясындағы ерекше тұлға, ақын, сазгер, батыр Махамбет Өтемісовтің «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінің жалынды тұстары ойыңа оралады:

*Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шалмай,  
Қоңыр салқын төске алмай...*

*Тебінгі теріс тағынбай,  
Темірқазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме?!*

Әр дәуір әдебиетінің ақынының арқалаған жүгінің салмағы қаншама. Қай заманның болса да рухани қажеттілігін өтеген, қиын да қажырлы еңбек. Ақын, болашаққа деген күмәнсіз ойдың иесі, әділеттіліктің жақтаушысы, «Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз, көрелік төңіректі, тек таң атсын!» – деген өршіл ойдың иесі Мағжан Жұмабаев:

*Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды Алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!  
Мен сенемін жастарға,  
Алаш атын аспанға,  
Шығарар олар бір таңда  
Мен жастарға сенемін! –*

деп жазып кеткендей, келешек ұрпағының қамын жасаған аманат еңбек. Белгілі әдебиетшілер Қ.Жұмалиев, Е.Исмайлов халықтың басындағы аумалы-төкпелі заман жағдайын, ондағы ақындардың

өлең-толғауларын жан-жақты зеттеп, әр қырынан салмақтай келе: «XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет пен алдыңғы жарымындағы әдебиеттің бір-бірімен ұштасатын да, айрылысатын да жақтары жоқ емес, бірақ бұлардың суреттепберу жолдары, алға қойған мақсат-тілектері бұрынғылардан ерекшеліу еді. Махамбет т.б. батырлықты жырлай отырып, қару алып, күреске шығуды үнде-се, Мұрат, Шортанбайлар қарулы көтеріліс деңгейінің өтіп кеткенін сезіп, елді патша өкіметінен аулақ әкету, көшу мәселесін сөз етеді» [5.4.], – дейді. Ал XX ғасыр басындағы ақындардың бәріне ортақ қасиет – елді бірлікке, білімге, өз халқын сүйуге шақырып, елінің тәуелсіздігін аңсап, болашағы үшін күресу болды. Өз заманы тұсында елінің көзі, құлағы, тілі болуға ақындар бар күш-қайратын жұмсады. Олардың өлең-жырларында тарихымыздағы ауыр кезеңдер бейнеленді, шындықтың беті ашылды [6.255.].

Өз ұрпағына ел болу, азат болу үшін білімге ұмтылу керек екенін түсіндірумен болды, ендігі өз халқының болашағы жастардан үміт күтетінін жеткізді. Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінде ерекше құбылыс болып табылған ірі тұлға Шәкәрім:

*Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,  
Бір білімді данышпан жан табалық, – дейді.*

Қазақ өркениетінің бастауында тұратын ақын мұраларын өз ұрпағымызға жеткізу, олардың рухты, жалынды туындыларымен ұлтжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу – тарих пен халық алдындағы басты парыз.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: «Білік», 1999.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I Том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы, 1957.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: «Атамұра», 2003. - 208-б.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002 - 528 б.
5. Жұмалиев Қ., Ысмайлов Е. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1946.
6. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: «Білім», 1998. - 256-б.

#### Резюме

*В статье анализируется творчество казахских акынов в начале XX века.*

#### Conclusion

*The article includes the creation of Kazakh akyns in the beginning of the 20th centuries is analyzed in this article.*

### ИСТОРИОГРАФИЯ: ПРОБЛЕМЫ ВОЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХОВ

Мухамадеев Т.М.

Историография военной истории казахов является частью наиболее интересного и характерного материала для изучения прошлого Казахстана. Данный вопрос напрямую связан с изучением социально-исторической обстановки создания казахской государственности и тех геополитических условий, в которых она была утрачена. Изучение историографии настоящей проблемы актуально потому, что не все из военного прошлого всесторонне изучено, не все причины тех или иных исторических моментов установлены, следствия подробно не исследованы и историографический анализ исследуемого вопроса показал, что эта проблема многогранна и глубока.

Военная история казахов стала предметом изучения в первые годы советской власти.

В 1924 г. вышел первый обобщающий труд по истории народа «Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен», подготовленный А. П. Чулошниковым [1]. Автор описал тактику Джахангир-хана в войне с джунгарами, затронул вопрос о сложении института тюлен-

гутства – военной дружины ханов и, вслед за А. Левшиным, изложил положение хана Тауке, вменявшее в обязанность казахов носить оружие, что давало право голоса [2].

В начале 20-х годов потребности в теоретическом обосновании необходимости формирования национальных казахских воинских частей обусловили появление статьи А. Рязанова [3]. Здесь во взаимосвязи были рассмотрены вопросы формирования исторического типа и характера казахского воина, состояние вооруженных сил и форма военной организации казахских ханов, стратегия и тактика военных действий, в частности, военное искусство Тевкель-хана, проявленное в ходе осады Бухары, и Джахангир – хана в борьбе против джунгар.

Ценность данной работы, во-первых, в том, что автор дал первое в послеоктябрьской историографии Казахстана описание военного искусства казахов в XVI-XIX в.в. Опираясь на исследование М.И. Иванина [4], А. Рязанов охарактеризовал метод ведения «малых войн», использованных Срымом Датовым, Кенесары Касимовым, Исетом